

## "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 368 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 қарашада № 4567 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 24.02.2017 № 33 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы " Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 17-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Қоса беріліп отырған "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекітілсін.
2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір қаулылары жойылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Г.Н. Есқалиевке жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

*Б. Сапарбаев*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 2 қазандагы № 368  
қаулысына қосымша

### ***Ақтөбе облысы әкімдігінің жойылуға жататын қаулыларының тізбесі***

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 154 "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысының 2 - тармағы;

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 321 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысы;
3. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 500 "Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының кейбір мәселелері туралы" қаулысы;
4. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 159 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы;
5. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 404 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы;
6. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 107 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысы;
7. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 шілдедегі № 275 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысы.

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 2 қазандағы  
№ 368 қаулысымен  
БЕКІТІЛДІ

## **"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандығы № 410 " Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес әзірленді және "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мэртебесін және өкілеттігін айқындайды.

"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысының орман және жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын, су шаруашылығын, жер қойнауын пайдалану және қоршаған ортаның жағдайын жақсарту салаларында

мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

3. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясы және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылып, оның мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесінде шоттары болады.

5. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамага сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамага сәйкес бекітіледі.

8. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40,

9. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қасіпкерлік субъектілерімен "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

13. "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Ақтөбе облысының қоршаған ортасының жағдайын жақсарту және орман қорын, су ресурстарының әлеуеттерін арттыру, қорғау, қалпына келтіру бойынша жағдай жасау, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

15. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

- 1) табиғи ресурстарды қорғауды үйімдастыру;
  - 2) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;
  - 3) су қатынастарын реттеуге қатысу;
  - 4) табиғатты пайдалануды реттеу және жер қойнауын пайдалану салаларында мемлекеттік саясатты жүргізу;
  - 5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі қатынастарды реттеу;
  - 6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде құқықтық негізді қамтамасыз етуге ықпал ету;
  - 7) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
16. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі функцияларына қолданыстағы заңнамамен сәйкес мыналар кіреді:
- 1) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды

жүргізу үшін берілген жер және су участекерінің қорғалуын, жер қойнауын пайдаланушының экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын, археологиялық ескерткіштер мен басқа да тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

2) келісім–шарт жасасу кезінде өнір халқының әлеуметтік– экономикалық және экологиялық мұдделерінің сақталуымен байланысты мәселелерді шешу үшін жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздерге қатысу;

3) аумақтарды әлеуметтік даму бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

4) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар, конкурсқа шығаруға жататын жер қойнауы участекерінің тізбесінің жобасын әзірлеу;

5) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурстарды дайындау және ұйымдастыру;

6) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіру жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссиялар құрамының жобасын әзірлеу;

7) жер қойнауын пайдаланушылармен келісімшарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізу және жер қойнауын пайдаланушымен бірлесе отырып, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарын дайындау;

8) техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу ;

9) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған, елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына арналған кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

10) елді - мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

11) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу, тіркеу және сақтау;

12) заңнамаларға сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығын табыс етуге арналған рұқсаттарды беру, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге салу жөніндегі мәмілелерді тіркеу;

13) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыштарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат беру;

14) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісім-шарттың орындалуын және қолданылуының тоқтатылуын қамтамасыз ету;

15) жер қойнауын пайдаланушымен байланысты, экологиялық, ғылыми, тарихи – мәдени және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдесу;

16) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданысын қайта бастау туралы шешімдер қабылдау;

17) кең таралған пайдалы қазбалар және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану бойынша келісім шарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг және бақылауды жүзеге асыру;

18) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер өткізу бойынша жұмыс тобының ережесі мен оның құрамын бекіту, сонымен қатар техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерді жүргізу;

19) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

20) құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер мен меморандумдар жасасу;

21) өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

22) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру, оларда қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер белгілеу;

23) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тындауды ұйымдастыру;

24) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына беру;

25) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және занды

тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тарту;

26) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу;

27) қалдықтарды басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

28) коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуы нормаларын әзірлеу және жергілікті өкілді органдарға бекітуге дайындауға ұсыну;

29) қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдаланылу деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлеу;

30) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдау;

31) тиісті аумақта тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы тұрғындарды хабардар етуді жүзеге асыру;

32) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асыру;

33) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс ету;

34) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келісу;

35) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру;

36) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекітуге дайындау;

37) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен оларды сіңіру жөніндегі жобаларды әзірлеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу;

38) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысу;

39) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, функционалдық қараудағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттеу;

40) мемлекеттік орман қоры аумағында ормандағы өрттердің алдын алу және оларға қарсы құрес жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын әзірлеу, бекітуге дайындау және орындалуын іске асыру;

41) орманда өрт қаупі болатын маусымда өрттерді сөндіру үшін мемлекеттік орман қоры аумағында жанар-жағар май материалдарының резервін жасау;

42) шаруа және фермер қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы

ұйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шөбін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз ету;

43) өртке қарсы насиҳатты, бұқаралық ақпарат құралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің тұрақты берілуін ұйымдастыру;

44) облыс аумағында ормандағы өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құру;

45) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

46) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы қуресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезендерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын шектеу туралы шешім дайындау;

47) уәкілетті органға беру үшін өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдар әзірлеу;

48) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры участекелерінде аяқталған объектілерді және орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдау;

49) мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерінің (сіректі түбірімен босату үшін мөлшерлемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлеу;

50) уәкілетті органның және облыстық өкілді органдардың қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастыру және өткізу;

51) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры участекелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

52) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңышылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға участекелер береді және осы участекелерді осындай

объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат беру;

53) мемлекеттік орман қоры участекерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

54) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

55) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және санитарлық қорғау аймақтарын белгілеуге материалдар дайындау;

56) бассейндік су шаруашылығы басқармаларының келісімімен су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеуге материалдар дайындау;

57) экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы органмен келісім бойынша су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарындағы көшшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу;

58) конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру жөнінде материалдар әзірлеу;

59) бассейндік кеңестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысу, су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі өнірлік бағдарламалардың жобасын бассейндік кеңестердің қарауына енгізу, бассейндік кеңестердің ұсынымдарын зерделеу, оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдау;

60) тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асыру;

61) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлеу;

62) жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауыз су сапасындағы жер асты суларының жеткілікті қорлары бар аумақта тиісті негіздеме болған жағдайда уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша осы суларды ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат беру;

63) халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және

шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінен жеке және занды тұлғалардың су алу құқығына үәкілетті орган белгілеген тәртіппен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы үәкілетті органның тұтас алғанда су объектілеріне қорытындысын тіркеу жүргізу;

64) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

65) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ведомстволық бағыныстағы органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру;

66) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участекелерінің тізбесін бекітуге дайындау;

67) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участекелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер дайындау;

68) жануарларға ауырып қалған, бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) участекелерінде олардың қырылу қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөнінде іс-шаралар ұйымдастыру;

69) аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру бойынша конкурстар өткізу;

70) бір облыстың аумағында орналасқан, жергілікті, халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру бойынша конкурстар өткізу;

71) аңшылық алқаптарының резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

72) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участекелерінің резервтік қорын қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

73) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участекелерін паспорттауды жүргізу;

74) рекреациялық балық аулау аймағын белгілеуге материалдар дайындау;

75) балық шаруашылығы участекелерінің шекараларын белгілеуге материалдар дайындау, ұйықтарды (ұйықтық участекелерді) ашу және жабу;

76) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға

рұқсат беру;

77) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізу;

78) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

79) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негізdemелерін әзірлеуді ұйымдастыру және оларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

80) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорықтық қоры объектілерінің тізбесін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негізdemелерді бекітуге дайындау;

81) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде шешімдер дайындау;

82) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді түзету жобаларын бекітуге дайындау;

83) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлеу және бекітуге дайындау, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

84) заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекітуге дайындау;

85) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысу;

86) уәкілетті органмен келісе отырып өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын бекітеді және паспорттарды уәкілетті органға тіркеуге (қайта тіркеуге) беру;

87) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрін құру үшін жерді резервте қалдыру жөнінде шешімдер дайындау;

88) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-қүйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындаі аймақтарды белгілеу жөнінде шешімдер дайындау;

89) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

90) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекітуге дайындау;

91) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдарына жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын бекітуге дайындауға ұсыну;

92) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды тарату және олардың аумақтарын кішірейту;

93) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне ішкі бақылауды іске асыру;

17. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құқықтары:

1) заңнамада көзделген жақдайларды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша келісім-шарт жасасу;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тартуға;

"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) өз құзыретіне жататын мәселелерді шешу барысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау;

2) өз құзыреті шегінде сыйайлас жемқорлықпен куресу;

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының және басқарма бөлімдері басшыларының, орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері басшыларының міндеттерін белгілейді.

2) заңнамаға сәйкес құрылымдық бөлімдердің және орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің басшыларын және басшыларының орынбасарларын тағайындайды және лауазымдарынан босатады;

3) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес басқарма қызметшілерін лауазымға тағайындайды және лауазымдарынан босатады;

4) басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады, көтермелейді, үстемеақы белгілейді және сыйақы береді;

5) басқарма бұйрықтарына қол қояды;

6) қолданыстағы заңдарға сәйкес мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда басқарманың атынан сөйлей алады;

7) басқармада сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша шаралар қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты;

8) өз құзыретті шегінде гендерлік және отбасылық–демографиялық саясатты қалыптастырады және іске асырады;

"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

23. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған

өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табигатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінде бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табигатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі – мемлекеттік мұлік жөнінде уәкілетті орган) Ақтөбе облысының қаржы басқармасы болып табылады.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табигатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табигатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:**

- 1) "Ақтөбе орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Үлкен-Борсық орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Мәртөк орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Қарабұтақ орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі;
- 5) "Темір орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі;
- 6) "Ойыл орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі;
- 7) "Қобда орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі.